

«Артық туган асыл көп, айтар ойы киелі...» атты жыр кеші

Автор: Administrator
19.11.2019 00:00 -



2019 жылдын 19 карашасы күні сағат 10.30-да С.Жиенбаев атындағы облыстық жасоспірімдер кітапханасы К.Жүбанов атындағы Ақтобе өңірлік университетінің филология факультетінде «Окитын олке» акциясы аясында өлкеміздің ақыны Сарышалақ Боранбайұлының шығармалары насихаттауға «Артық туган асыл көп, айтар ойы киелі...» атты жыр кешін өткізді.

Максаты: ақын Сарышалақ Боранбайұлының шығармасын насихаттау. Жастарды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, рухани мұраны сақтауға және әдеби кітаптарды оқуға ынталандыру болып табылады.

Шараға қатысатындар: Демеубай Жолымбетов – күйші, жыршы; К.Жүбанов атындағы Ақтобе өңірлік мемлекеттік университеті филология факультетінің студенттері, оқытушылар, кітапханашылар, оқырман қауым.

Шараны жүргізген кітапхана қызметкері Нұрсұлтан Әбжан биылғы акция барысында тандалып отырған ақын Сарышалақ Боранбайұлы жөнінде мағлұмат беріп, ақынның шығармаларын насихаттап, оларды оқып шығуға кеңес берді. Шараға қатысқан жастар Сарышалақ Боранбайұлының шығармалары жөнінде әңгімелеп, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар ақынның «Дос емес, дос сыртынан жамандаса», «Ұлы күм» шығармасын мәнерлеп оқыды. Жыршы Демеубай Жолымбетов Сарышалақ Боранбайұлының олардың жырларын орындады.

Шарада Сарышалақ Боранбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған слайд көрсетіліп, «Артында дастан, жыр қалып...» атты кітап қорымы ұйымдастырылып, қорыма Шырайлым Күдасова библиографиялық шолу жасады.

«Артык туган асыл көп, айтар ойы киелі...» атты жыр кеші

Автор: Administrator
19.11.2019 00:00 -

